

Отандық тауар өндірушілерге басымдық беру тәртібін және олардан бір көзден сатып алу тәсілімен өнімді, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді одан әрі сатып алу үшін маңызды стратегиялық мәні бар өнімдер сатып алынатын отандық тауар өндірушілердің тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 101 -ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.31. N 442 қаулысымен.

1. Отандық тауар өндірушілерге басымдық беру тәртібін және олардан бір көзден сатып алу тәсілімен өнімді, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді одан әрі сатып алу үшін маңызды стратегиялық мәні бар өнімдер сатып алынатын отандық тауар өндірушілердің тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды әзірлеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Исекешев	- Индустрия және сауда вице-министрі,
Әсет Өрентайұлы	жетекші
Дәркенбаев	- Қазақстан Республикасының
алғат Наймантайұлы	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі
	агенттігі Мемлекеттік сатып алу
	әдіснамасы басқармасының бастығы,
	жетекшінің орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

Әбдрахманова	- Қазақстан Республикасының Табиғи
Сәуле Нығметжанқызы	монополияларды реттеу және
	бәсекелестікті қорғау жөніндегі
	агенттігі Бәсекелестікті дамыту
	департаменті бәсекелестік рынокты
	талдау мен әдіснама басқармасының
	бастығы

Ақтаев	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Ерлан Сарбасұлы	министрлігі Заң қызметі
	департаменті шаруашылық шарттар
	мен талап-арыз жұмысы
	басқармасының бастығы

Балпықов	- Қазақстан Республикасының Әділет
Ардақ Құдайбергенұлы	министрлігі Қаржы, бухгалтерлік

есеп және ішкі бақылау
департаменті директорының

орынбасары

Беклемишев Павел
Иннокентьевич

- Қазақстан Республикасының Жер
қойнауын пайдаланушылары үшін
жабдықтар мен қызмет көрсетулерді
өндірушілер қауымдастығы
басқармасының төрағасы (келісім

бойынша)

Ержанов
Өмірсерік Құстайұлы

- Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі
Өнеркәсіп салалары департаменті
өңдеуші салалар басқармасы

бастығының орынбасары

Ыбыраев
Серік Сыздықұлы

- Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Қаржылық реттеу департаменті
бюджеттік жоспарлау басқармасының

бастығы

Құсайынов
Абзал Тұрсынбайұлы

- Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі
Импорт алмастыру және сыртқы
байланыстар департаменті
импорт алмастыру бөлімінің

бастығы

Сүлейменов
Мұратбек Ғарифоллаұлы

- "Қазақстан машина жасаушысы"
машина жасау кәсіпорындары
қауымдастығының президенті

(келісім бойынша)

Әбдіреев
Батырбек Сейтенұлы

- Қазақстан Республикасының Индустрия
және сауда министрлігі Өнеркәсіп
салалары департаментінің директоры

Әбдиева
Күлпаш Вениаминқызы

- Қазақстан Республикасының Индустрия
және сауда министрлігінің
Инновациялық саясат және жаңа
технологияларды дамыту департаменті
маркетинг және салалық талдау

басқармасының бастығы

Кенжебаев
Асқар Бостанұлы

- "Қазақстан темір жолы" ҰК" жабық
акционерлік қоғамы Жаңа өндірістер
мен импорт алмастыру департаментінің
директоры (келісім бойынша)

Хасанова
Айгүл Зейнел-Ғұмарқыз

- Қазақстан Республикасының Индустрия
және сауда министрлігінің
Аппарат-Әкімшілік және құқықтық
жұмыс департаменті директорының
о р ы н б а с а р ы

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.23. N 187 өкімімен .

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы ұлттық тауар өндірушілерге басымдық беру тәртібін және олардан бір көзден сатып алу тәсілімен өнімді, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің одан әрі сатып алу үшін маңызды стратегиялық мәні бар өнімдер сатып алынатын отандық өндірушілердің тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды әзірлесін және 2003 жылғы 2 шілдеге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

Премьер-Министр